



БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры

М.М.Жолдасбекова

2021 жыл

0 «А» мектепалды даярлық сыныбы

Ата – аналармен жұмыс

2021- 2022оқу жылы

№	Жұмысмазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ата – аналар жиналысы: «Отбасы және тәрбие бастауы». Ата-аналарғасауалнамажүргізу. Ата - аналар комитетін сайлау және оның жұмысын жоспарлау.	Қыркүйек	Сынып тәрбиешісі Жаксыгелдина Ж.Ж. медбибісі
2	«Аяулықүз, Алтын күз!» Ертеңгілік. Көрме	Қазан	Сынып тәрбиешісі Жаксыгелдина Ж.Ж.
3	Ата-аналар жиналысы: «Отбасындағы бала тәрбиесі». Жаңа жылға ұжымдық шығармашылық даярлық.	Желтоқсан	Психолог Сынып тәрбиешісі Нығыметжанова Г.М.
4	Бала тәрбиесіне байланысты ата –анамен тәрбиеші арасындағы қарым –қатынас	Ақпан	Психолог Сынып тәрбиешісі Нығыметжанова Г.М.
5	Баяндама"Отбасы және мектепалды даярлық"	Наурыз	Психолог Сынып тәрбиешісі Нығыметжанова Г.М.
6	Ата – аналар жиналысы: «Балаңыз мектепке дайын ба?» Тест. Сұрақ – жауап	Мамыр	Психолог Сынып тәрбиешісі Нығыметжанова Г.М.

Сынып тәрбиешісі: Нығыметжанова Г.М.

№1 ата-аналар жиналысының хаттамасы

Күні: 10.09.2021

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 6

Күн тәртібінде

1. Баяндама: «Отбасы және тәрбие бастауы».
2. 2021-2022 оқу жылдарына мектепалды даярлық сыныбының жылдық міндеттер
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысы дистанционды түрде «ZOOM» платформасы арқылы өтті. **Бірінші мәселе бойынша** тәриеші «Отбасындағы және мектептегі бала тәрбиесі» тақырыбында түсіндірме жасады.

Адамдардың жақсы өмір сүруі отбасы құрамындағыларға байланысты. Сондықтан отбасы құрылымында зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерінің бір-біріне адал, камқор болуына тәрбиелеген. Бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстаз ата-ана. Жанұяда жақсы қасиеттер балаға сөзбен, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай тудыру, оның үйренуіне көмектесуге берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындалуын төзімділікпен бақылау. Істеген ісін ұқыпты, тындырымды орындауына бағыт беру. Жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіру. Балаға теріс әсер етеді:

Жанұядағы жанжал;

Үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы.

Баланың көзінше басқа біреуді сөгуі бұзакылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақтан жиі қалдыруға және әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады.

Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырғанын аңғармай да қалады. Сондықтан, баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту. Тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру. Табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту. Дұрыс білім алуына жағдай жасау.

Балаңызға сүйіспеншілікпен қараңыз. Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, ол бұл әлемнен махаббат табуды үйренеді.

2. 2021-2022 оқу жылдарына мектепалды даярлық сыныбының жылдық міндеттер

Екінші мәселе бойынша:

Мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін – өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту.

Міндеттері:

- Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.
- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету.
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс – әрекеттер барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау.

Күтілетін нәтиже:

Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі, адамдар арасындағы өз орнын таба білу, өзін тұлға ретінде сезіну

3. Әр түрлі мәселелер.


Жиналыс барысында басқа да мәселелер айтылды. Ата-аналар тарапынан әр түрлі сұрақтар.

Жиналыстың шешімі:

1. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынасты тығыз сақтау
2. Балаларға біріге отырып саналы тәрбие мен сапалы білім беру.

Төрайым: Сансызбай Б.Ж.

Хатшы: Жаксыгелдина Ж.Ж.



«Ы.Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі» КММ

Баяндама:
«Отбасы және тәрбие бастауы»

Дайындаған: Жаксыгелдина Ж.Ж.

Балқаш қаласы 2021 жыл

Отбасы және тәрбие бастауы.

Отбасы- қоғамның маңызды буыны . Көп ұлт мекен еткен мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Осы жағына келгенде кез-келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігі деп түсінеді. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады,оның бірі дүниеге ұрпақ әкелу-екіншісі дүниеге келген сәбиді пәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп,оны тұлға ретінде калыптастыру.

Бала тәрбиесінде ата-ананың орны ерекше.Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ « Бақытыңды баскадан емес ,балаңнан ізде»-деген даналық сөз бар.Кез келген адам өзі жете алмайтын «бакыт» деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін.Біреу бакытын байлықтан тапқысы келсе,екінші біреу данқ пен атақтан,мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бакытты-тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Олай болса адам өмірінің мәні-өз ұрпағы.....

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз-ата-ана.Ата-ананың баламен жасайтын қарым-қатынасының үлкен тәрбиелік мәні бар. Мәдениетті отбасындағы ерлі - зайыпты кісілердің бір-біріне айтқан игі ниеті, кішіпейілдігі,отбасындағы туындаған мәселелерді ақылдаса отырып шешуі бала мінезіне жағымды әсер етеді.

Бала тез еліктегіш,иланғыш болғандықтан жаман қылықтарды да тез үйренеді.Бала кішкентай кезінен әр нәрсеге әуестеніп,үлкендерге көмектескісі келеді.Бұған кейбір ата-ана «жұмысымды бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін,бұл қате түсінік.Керісінше өзін жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай тугызып,оның үйренуіне көмектескен орынды.Тіпті балаға берген тапсырманың аяғына дейін орындалуына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн..Әр істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы істерін мадақтап,терісін оң етіп түсіндіріп отырса ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырманы орындауға қарсылық білдірмейді.

Баланың айналасындағы бүкіл өмір шындығы-табиғат, қоғамық орта,ең алдымен адамдар,бәрінен бұрын **ата-аналар мен тәрбиешілер тәрбиелейді.**

Тәрбиелеу дегеніміз- балаға мақсат қойып,ұйымшылдықпен және жүйелі ықпал жасау деген сөз, осы ықпалдың арқасында бала тәрбиеші талап еткен мінезге ие болып,мінез-құлық ережелерін бойына сіңіреді.Тәрбие баланың дене және ақыл -ой қабілетін дамытады,оны алдағы еңбекке даярлайды, сол бойынша қоғамның болашақ белсенді қайраткерлері өсіп шығады.

Ата-анаға мынадай кеңесті ұсынамын:

Баланың әр күнді бастауы, қарсы алуы сәтті болу керек; ол үшін таңертен баланы оятқанда жайлы, баппен оятыңыз; ол сіздің күлімдеп, мейіріммен өте жақсы көріп тұрганыңызды сезуі керек.

- Балаға балабақшаға барар алдында сенімділік сәттілік тілеу керек.

- Бала балабақшадан келгенде бірден сұрақтар қойып, қарсы алмау керек.

- Бала бірдене айтқысы келсе, қарсы болмай тыңдау керек.

- Бала ренжіп отырса, себебін өзі айтқанша асықпаңыз.

- Балаңызға қатты дауыспен сөйлеменіз, баланың жүйкесіне әсер етеді.

Отбасы - бала дамуы мен қалыпты өмір сүруіне тиімді жалғыз орын. Бала үшін туған отбасы - алтын дінгек. Отбасындағы жылулық пен мейірімді ештеңемен алмастыру мүмкін емес. Отбасының бірлігі ұрпақ тәрбиесінде өте қажет. Бұл - өте қымбат ұлттық құндылық.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар мектепке дейінгі мекеме мен отбасы. Осы екі арада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көзделген мақсат нәтижелі болары сөзсіз.

Біз ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа ғасырда өркенетті елдер қатарынан орын аламыз десек, жас ұрпағымызды дұрыс тәрбиелеуге, дұрыс білім беруге міндеттіміз.

Тәрбиенің сан қилы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім баспалдағы – балабақша, жол сілтеп, жетелеп, үйретуші - **тәрбиеші**.

Мектептегі тәрбие - ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан парасатты, адамгершілік қадір – қасиеті мол, физикалық және моральдық жоғары белсенді жеке адамды қалыптастырып шығару процесі болып табылады. Тәрбиелеу мен білім берудің әрекеті практикалық процесс үстінде қалыптастырылады. Тәрбиелеу мен оқытудың міндеттері баланың осы іс-әрекет түрлерін қалыптастыру және оны белгілі бір мақсатқа бағыттап отыруды көздейді. Ойнау, еңбек ету, және білім алу барысында ақыл-ой, көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде білім алады, іскерлікке үйренеді, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға, қоғамдық өмірдің әдет дағдыларын игеруге бейімделеді. Іс-әрекеттің осы түрлерін ғана дамыту арқылы тәрбиелеу, білім беру міндеттерін шешуге, бала дамуын дұрыс жолмен бағыттап отыруға мүмкіндік туады. Жақсы ойнап, еңбек ете білетін әрі оқуға қабілетті баланы ересек адамдар мен балалар қоғамында өмір сүруге қажетті қасиеттерді толық игерген, «тәрбиелі бала» деп атауға болады. Жоғарыда аталып өткен іс-әрекеттің әрқайсысы бала дамуына өзіндік, өзіне тән үлесін қосады. Мысалы, тәрбиенің ең маңызды міндеті саналатын ақыл-ой тәрбиесінің


өзі бала ойының: еңбегін және балалардың оқуын үнемі бағыттап отыру арқылы жүзеге асатыны бізге балаларды тәрбиелеу тәжірибесінен таныс.

Адамгершілікке тәрбиелеу міндеттері жөнінде де осыны айтуға болады. Бала өзін-өзі көрсете білсе, ойын, оқу, еңбек сияқты құнды дүниелерге тәрбиеленеді деген сөз. Өйткені, мұнда олардың өзара ересек адамдармен қарым-қатынасы қалыптасады. Іс-әрекеттің әрбір түрінде осылайша өзара ұштасып жататын педагогикалық мүмкіндіктерді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тіршілік әрекеттерін, тәрбиелік мақсатқа сай ұйымдастыра аламыз. Ойын, еңбек, оқу арқылы біз балаларға белгілі бір тұрғыдан ықпал жасай аламыз. Бірақ біз ойын, еңбек, оқыту өзара ұштасқан жағдайда ғана баланың жеке басын дамытуда толық нәтижеге жете аламыз.

Мектептің негізгі міндеті – баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл жас баланың ақыл-ойының дамуы мен даярлығы үшін қолайлы кезең. Осы кезеңде бала оқу мен тәрбиені қалыптастыруға, өз қызметін білуге, тілдік қатынастың қарапайым тәжірибесінде өзін-өзі таныта білуге, мінез-құлық мәдениетіне, жеке гигиеналық және салауатты өмір салтының негіздеріне бағдарланады. Сонымен қатар балаға «сіз», «рақмет», «кешіріңіз», «өтінемін» деген сияқты сыпайылықты білдіретін сөздерді үлкендерге айтып жүруге үйрету, оған дағдыландыру ата-аналар мен тәрбиешілердің міндеті.

Баяндаманы қорыта келе :

Тәрбие кезінде отбасының, балабақшаның да алатын орны бар. Ата –ана баласына өз отбасын қадір тұтудан бастап, «туған -туыс, Отан, Қазақстан» деген ұғымдарды терең түсінгені, құрметтеп қарауға тәрбиелеу керек екенін ұғындыру. Отбасы жауапкершілігі бәрінен биік болмақ.



Ата -аналар жиналысы №2

Күні: 18.10.2021

Мектепалды даярлық «А» сыныбы

Жалпы ата - аналар саны: 21

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 5

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелер:

1. Ата -аналарға балалардың сабаққа қатысуы туралы ақпар.
2. Баяндама: «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту».
3. Алтын күзге дайындық.
4. Ата -аналар арасында «Күз сыйы»

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбиеші: Жаксыгелдина Ж.Ж. сөз сөйледі. Тәрбиеші балалардың ортаға бейімделуі, бір – бірімен достық, сыйластық қарым - қатынаста жақсы екенін айтты. Ұйымдастырылған оқу іс әрекетін жақсы меңгеріп келе жатқаны туралы айтылды.
2. Тәрбиеші: Жаксыгелдина Ж.Ж. «Ойын балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» атты баяндама оқыды.
Ойын арқылы баланың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын қарым – қатынас құралы. Ойын әдісін қолдану барлық ұйымдастырылған оқу іс – әрекетіне тән. Мысалы ойын арқылы бала кез – келген сабақты қызығып, ынтамен тыңдап, шап-шаң орындайды. Бала өмірінде ойынның рөлі мыңызды екенін атап көрсетті.
3. Қазан айында мектепалды даярлық сыныптарында «Алтын күз» атты ертеңгілік болатыны туралы хабарлады. Ертеңгілікке балалар қалаған әдемі де, ерікті киімдерін киіп келу керектігі ескертілді. Ата-аналарға балалардың тақпақтарын үйде қайталап жаттауын өтінді.
4. Төртінші мәселе бойынша ертеңгілік соңында ата-аналар арасында «Күз сыйы» атты көрме болатыны туралы айтты. Көрмеге көкеністерден, дәнді дақылдардан түрлі заттар жасап әкелуді ұсынды.

Шешімі:

1. Балалардың мектепте өздерін еркін ұстап, ортаға бейімделгені туралы айтты.
2. Ата-аналар бала өміріне ойынның маңызы бар екенін түсінді.
3. «Алтын күз» көрмесіне заттар жасап әкелуге келісті.

Хатшысы: *Жақыс* Жақсыгелдина Ж.Ж.

«Ы.Алтынсарин атындағы № 25 ЖББ мектебі» КММ
0 «А» мектепалды даярлық сыныбы

БАЯНДАМА:

***«Ойын арқылы балалардың ойлау
қабілеттерін дамыту».***

Дайындаған: Жақсыгелдина Ж.Ж

2021 жыл

Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгідей динамика ғасырында, оқу процесінде ойын алдынгы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға интентасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ.

Ойын- дегеніміз не? Ойын дегенізі- халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі.

Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, денешынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар баланың ақыл- ойын дамытып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз, импульсивті болғанымен, қабылдау есте сақтау мүмкіндіктері жақсы дамыған.

Сондықтан кез- келген сабақты өткізу үшін дидактикалық ойындар қолдана білу керек. Мысалы «Сауат ашу» оқулығында тақырып соңында тапсырмалар берілген. Осы тапсырмаларды ойын арқылы ойынарқылы өткізуге болады. «Ұйқасын тап», «Сикырлы қоржын», «Өлең жолын құрастыр» т.б. ойындар.

Тіл дамыту, сауат ашу сабақтарында да рөлдік ,сюжеттік ойындарды қолдануға болады. Рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалармен өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та , қысқа да болу мүмкін. Сюжетті- рөлді ойындар бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктену, шындық ты көрсету болып табылады. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушы әрекеттеріне еліктейді., ал «Мектеп» болып ойнағанда мұғаліммен оқытушының әрекетіне еліктейді. «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселендіруге болады.

«Ұлттық қазақ ойындары: «Қыз қуу», «Орамал тастау, «Асықтар», «Бәйге» ойындары. Бала өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі. Ойындар әр топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі... Баланың тілін жетілдіру үшін оны әңгімеше тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту қажет. Баланың тілін дамытуда ойын түрлерін жүргізу арқылы, ойын шарттарын айта отырып та байытуға балады. Мысалы : «Қуыршаққа қонаққа бару», «Мен кіммін», «Қуршақты киіндіреміз», «Шарбақты құрастыру», «Көлемі бойынша қой» деген секілді ойын түрлерін қолдануға болады. Мен кез келген ойын түрлерін сабағымен тақырыбына сай таңдап аламын. Әсіресе дидактикалық ойындарды тіл дамыту сабақтарында пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты бекіту, баланың шығаршашылығын дамыту, тіл байлығын молайту үшін ойындар сабақтың тақырыбына, мазмұнына сай таңдап аламын. Мысалы: «Телефон»

ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты- бір нәрсе жайында сұралап, баланың оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады.

Рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалар өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та ,қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті- рөлді ойындар бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы сатып алушының әрекеттеріне еліктейді. «Шаштараз», «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселдендіруге болады. Педагог өтілген ойынға талдау жасап, оның балаларға тигізген тәрбиелік ықпалы бағалауға, өз тобындағы сюжетті-рөлді ойындарының одан әрі басшылық ету тәсілдерін ойластыруға тиіс

Қойылымдық ойындарда рольдер, ойын әрекеттері қандай шығарманың, ертегінің т.б. Сюжеті мен мазмұны шарттас болады. Ол сюжетті-рөлді ойынға ұқсас. Барлық балалар ертегіні жақсы көреді, ертегі айтып берсең бар ынтасымен тындайды. Ертегі балалардың ой- қиялын, сөздік қорын дамытады.

Құрылымдық ойындар- балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрі құбылыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылым ойыны бір жағынан сюжетті-рөлді ойнауға ұқсас келеді. Балалар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, темір жолдар, театрлар, цирктер т.б. ірі құрылыстар салады.

Дидактикалық ойындар кішкене балаларға меилінше тән оқыту формасы болып табылады, оның арғы тегі ойынды өлең мен қимылмен ұштастыру негізінде көп нерсені үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасына жатыр. Мысалы: «Сықырлы қалпақтың сырын ашайық»- деген ойынды ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті-қалпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойындар айналамен танысу сабағында, әдебиет, сабақтарында жиі қолданады.

Бала тәрбиесі қиын да, жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманың бағыт- бағдармен, тыныс- тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез-келген бүлдіршін үшін бала тәрбиесі ата-анасына берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратыны сөзсіз

Балабақшада тәрбиеленушілердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда негізгі жұмыс түрі- ойын әрекеті.

Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қабілеті мен белсенділігі де көрінетіні туралы аса көрнекті педагог А. С Макаренко былай дейді: «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу- бәрінен бұрын

ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын- балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі.

Ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамдық өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап- ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмытылады, соның аркасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді.

Ойын- бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіп жүреді.. Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады.

Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті- рольді, драматизациялық, дидактикалық құрылыс ойындары, кимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып , жан-жақты дамуы үшін және тілін дамытып, сөз байлығын дамыту үшін және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор.



Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

0 «А» мектепалды даярлық сынып

Күні: 14.12.2021 ж.

Жалпы саны: 25

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны: 8

Күн тәртібінде

1. «Отбасындағы бала тәрбиесі» презентация
2. Жаңа жылға ұжымдық шығармашылық даярлық
3. Сұрақ – жауап

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысы дистанционды түрде «ZOOM» платформасы арқылы өтті. Бірінші мәселе бойынша «Отбасындағы бала тәрбиесі» презентация бойынша ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты мағұлматтар көрсетті.

Сөйледі:

0 «А» мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі: Г.М. Ныгметжанова Балаға көңіл бөлу, баланың сөзін тыңдау, балаға берген уәдеде тұру, балаға өтірік айтпау сияқты ақыл кеңестер айтылды. Бала тәрбиесінде — отбасы ең үлкен мықты тәрбие ошағы. Баланың адамдық қасиеттері мен әдептілігі, оның болашақта қандай адам болуы өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесі мен ондағы қарым-қатынасқа байланысты. Өйткені ата-ана — басты ұстаз. Баланың заманына лайық азамат болып өсуі – алдымен ананың ақ сүтімен, абзал тәрбиесінің жемісі. Отбасы – десе әр адам өзіне қатысы бар деп ойлайтыны анық жағдай. Отбасын ата – ана және бала құрайды.

2. Екінші мәселе бойынша, жаңа жылға ұжымдық шығармашылық даярлық. Ата-аналарға жаңа жылдық сыйлыққа ақша жинамау керектігі айтылды. Балаларға сыйлықты, әр ата-ана өз баласына жасайды. Балалар жаңа жылдық костюмдерін ерікті түрде кинеді. Жаңа жылдық ертеңгілік сыныпта өтеді. Карантинге байланысты ата-аналар қатыспайды.

Шешімі:

1. Ата – аналар мен тәрбиеші тығыз байланыста болады.
2. Жаңа жылдық сыйлыққа ата-аналар акша жинамайды.
3. Ертеңгілікке балалар қалаған киімдерін киеді.

Торсайым  Нығыметжанова Г. М.

Хатшы:  Сансызбай Б. Ж.

«Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін №25 мектебі» КММ

0 «А» мектепалды даярлық сынып

Баяндама:

«Отбасындағы бала тәрбиесі»

Дайындаған: Ныгметжанова Г.М.

Балқаш қаласы 2021 жыл

Отбасындағы бала тәрбиесі

Бала тәрбиесінде — отбасы ең үлкен мықты тәрбие ошағы. Баланың адамдық қасиеттері мен әдептілігі, оның болашақта қандай адам болуы өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесі мен ондағы қарым-қатынасқа байланысты. Өйткені ата-ана — басты ұстаз. Баланың заманына лайық азамат болып өсуі — алдымен ананың ақ сүтімен, абзал тәрбиесінің жемісі. Отбасы — десе әр адам өзіне қатысы бар деп ойлайтыны анық жағдай. Отбасын ата — ана және бала құрайды. Оның кез — келген мүшесі бақытты да төрт құбыласы тең болуды қалайды. Бірақ сондай жағдайды жасауға біреу әрекет қылса, біреу құдай берер деп көктен күтумен уақыт оздырары белгілі жағдай. Әрбір ананың ойлайтыны баласының бақыты екеніне менің күмәнім жоқ. Ал, бақытты бала қандай болуы керек? деген сұрақтың жауабын кім — кім де болса іздейді. «Кемшілік хан қызында да болады» демей ме халықта, сол айтқандай бейбіт өмірде де қиындық жоқ деуге болмайды. Тек сол қиындықты басынан өткізу арқылы оның соңындағы қызықты да көре білген жөн. Басқа түскен әрбір күйзеліс кезеңінде өз — өзіне сенімді, белсенді адам ғана өмірдің сол қараңғы түнегінен жарықтың саңылауын көре біледі. Тірлік қылмай өмірге өкпелеп өтетін де адамдар жоқ емес. Баладағы тәрбиенің іргетасын қалайтын ол — отбасы. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген сөз бекер айтылмаса керек. Неліктен көп жағдайда бала ата — анадан асып кете алмайды? Осы сауал мені көптен мазалап жүрген сауалдардың бірі. Бала — періште. Шыр етіп дүниеге келгеннен бастап ол ана сүтін еміп, ананың әрбір шығарған демін сезініп өседі. Ең қарапайымы, баланы емізген ана қандай сезімде отырса, бала соны сезінеді, әр демнен ананың көңіл күйіндегі өзгерісті де баланың сезінетінін түсіндім. Бала есі кіре бастағаннан — ақ «Анам, менің анам. Анам бәрінен де күшті, ол бәрін біледі» деген оймен өседі. Сәбидің ойынша, өз ата — анасынан асқан білгір, данышпан, оған қорған болар адам жоқ. Осы бала санасындағы ойлар біртіндеп өз күшін жоя бастайды. Оған себепші біздер, яғни ата — аналар. Бала ата-анадан нендей себептермен асып кете алмайды деген сауалыма менің тапқан жауабым: «Балада әсіресе мектеп жасына жеткеннен кейін сұрақтар көбейетіні анық, сол сұрақтың бәріне бірдей біз жауап беріп жатуды өзімізге міндет санамаймыз. «Білмеймін» деген жауап қайтаруды жиілетеміз. Ал, күні бүгінге дейін ең білгір, ең ақылды адам деген ата — анасы білмеймін деп жауап бергенде, бала не ойлауы мүмкін. Әрине «олар білмегенді мен қайдан білемін» немесе «осыны білмеген менің ата — анамда ел қатарлы күн көріп жатыр ғой, маған да соны білудің қажеті бола қоймас» деп ойлайды. Осы «Білмейміннен» кейін баланың да даму қарқынына нүкте қойылары хақ.

Бала тәрбиесі ол — үлкен бір ғылым. Бір отбасында жалғыз бала болса да, 6-7 бала болса да балаға берілген тәрбиеде кемшілік болып жатады. Дана халқымыз бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген, қазіргі уақытта ол күндердің әдебін

көру көп жағдайда мүмкін болмай отыр. Ең әуелі олар баланың алдындағы өз міндетін біліп, сол міндетті жеткілікті дәрежеде орындауы тиіс. Ол дегеніміз, байлық пен барлық қана емес, балаға рухани байлық керек. Жақсы мен жаманды ажырата білгені жөн. Өмірдің мәні тек ақша мен байлық деген ойдан баланы аулақ салу қажет. Адами қасиетті бала бойына дарыта білу кез – келгеніміздің қолымыздан келе бермейді. Тіршілік қамымен жүріп балаға мүлдем көңіл бөлмейтін де, өз машақатымен айналысып балаға тәрбиенің керек екенін ұғынбайтын да, тәрбиеде ең бастысы тәртіп деп балаға тым қатал қарайтын да, қазіргі балаға қатты айтуға болмайды деп баланың ыңғайымен жүретін де, менің жиган – тергенім балама жетеді деп қалтаға сенетін де, басқа жұрт не десе о десін менің балам ең тәуір бала деп баланы жақтап отыратын ата – ана да жоқ емес. Мен өз өмірімдегі осындай жағдайларды ескере жүріп, балаға қойылатын талаптың да, оған берілетін еріктің де өз шегі болуы керек екеніне көз жеткіздім. Демек, бала мен ата – ана арасында өте тығыз байланыс жүру керек. «Баланы жастан» деген, бала тәрбиесі бесікте жатқаннан басталу керек. Бала жылады деп көп көтерсе ол соған дағдыланады. Мезгілсіз мекенсіз тамақ берсе соған да үйренеді. Бесікке байласа жылай береді деп бесіктен жиі босата берсе, нәресте бесіктен мүдем шығып алады. Осылайша бала бесіктен белі шықпай жатып өз дегенін жасатуға дағдыланады. Бала үшке толғанда «болады» мен «болмайдыны» білуі тиіс. Бала тәрбиесін бес жастан бастаймын дейтіндер де бар. Бес жастан қазір мектепке барады. Сонда мектепке келгенде бала өзіне рұқсат етілетін мен етілмейтінді ажырата алмаса одан не үміт, не қайыр. Мұғалім оған қалам ұстап жазуды үйрете ме, әлде болатын мен болмайтынды ажыратуды үйрете ме. «Қызым үйде, қылығы түзде» деп бекер айтылмаса керек. Бұл сөз тек қыздарға ғана қатысты деуге болмайды. Кез – келген бала өз отбасында, ата – ананың көз алдында жүріп көрсете алмайтын мінез — құлықтарын басқа қоғамда көрсетеді. Өзге біреуге әлім – жеттік көрсету, үлкенге қарсы келіп сөз қайтару сияқты үйде көрсетпейтін мінездерді далаға шыққанда көрсетіп жатады. Мұның бірін де ата – ана үйретеді деуге болмайды. Бірақ бұл да тәрбиеден кеткен қателік деуге болады. Ата – ана балабақшамен, мектеппен тығыз байланыста болуы керек. Бірақ сол нәрсеге уақыт тауып, менің балам басқа жерде қандай, оның сабағы қалай, өз тобында немесе сыныбында оның ролі қандай деп көңіл қоятын ата – ана жоқтың қасы. «Уақыт жоқ, мектептегі баланы қарасам үйдегі шаруам қалады немесе жұмыстан қолым тимейді» деген сияқты біздің тарапымыздан сылтау көп болып жатады. Сол сылтауларымыз сиресе, ата – ана үшін бала өзінің орнының бөлек екенін, оның болашағы олардың назарында жүргенін сезінер еді деп ойлаймын. Бала тәрбиесі мәселелерін әрбір ана не әке өмірлік тәжірибеден көріп үйрену керек. Балаға жылы қабақ қандай мөлшерде болса, қатал көзқараста сондай мөлшерде болуы тиіс. Балаға ата – ана тарапынан талап үнемі қойылу керек және оның орындалуы қадағалануы тиіс. «Балаға жаның ашыса,

оны аяма» деген де сөз бар. Сол айтылған сөздің мағынасына тоқтап кеткім келіп отыр. Әр балада тәуліктің 2-3 сағаты ғана бос уақытқа бөлінуі тиіс, одан басқасында бала сабақта, үй тапсырмасын орындауда немесе ата – анамен бірге үй шаруасында болуы керек. Бос уақыты көп бала түрлі жаман әдеттерге үйірсектенеді, ең қарапайымы теледидардан мүлдем қарауға тұрмайтын жат нәрселерді қарап, өзіне қажет емес ақпараттарды алары анық жағдай. 12 жастан асқан бала отбасында ата – ананың оң қолы ретінде барлық шаруаға дерлік қабілетті болғаны жөн. Қазіргі уақытта ата – ана емес бала талап қоюға бейімделген. Ал, ата – ана сол мүмкіндікті балаға неге беретінін түсінбеймін. Ата – ана баланың алдындағы өз міндетін жоғары деңгейде атқарып отырса, әр нәрсені өз орнымен орындап, содан соң балаға талап қойса, ешбір бала қойылған талаптан бұлтармайды. Егер бала талап қояр болса, онда бұл талап тек баланың қажеттілігін қанағаттандыратын деңгейде ғана орындалуы тиіс. Бала талабын жеткілікті деңгейде орындау дұрыс емес. Есін білетін баланың бәрі тұрмыс жағдайында адам баласына қажет болатын әрбір нәрсенің қайдан, қалай, қанша еңбектің, қаржының арқасында келіп жатқанын оның құнының өтелуі тиіс екенін ұғынып өсу керек. Үлкендер кішілерге, аяқ астында тегін жатқан нәрсенің жоқтығын, оның бәрі тек еңбек арқылы келетінін, бала санасына жеткізіп отыруға міндетті.

Біз ата - аналар баланың ойлағанынан да жоғары деңгейде ойлауға тырысуымыз керек. Сонда ғана бала қиялындағы ғажайып, данышпан ата-ана бола аламыз. Бала тәрбиесіне көбірек назар аударайық құрметті ата – аналар! Бала – біздің болашағымыз, еліміздің ертеңі. Білімді, саналы, қабілетті ұрпақ тәрбиелеу ол біздің қолымызда. Бала бақыты ол — өміршең ата – ана. Бейбіт ел, ынтымағы жарасқан халық, үлгілі отбасын құру бәрі де адамның өз қолында.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №4

Мектепалды даярлық сыныптары

Күні: 04.02.2022ж.

Жалпы саны: 51

Қатысқаны: 28

Қатыспағаны: 23

Күн тәртібінде

1. Мектепалды даярлық сынып ата – аналарына 1 сыныпқа қабылдау туралы мағұлмат. Мектеп директорының м.а. М.М. Жолдасбекова
2. 1 сыныпқа қабылдау шарттары. Мектеп хатшысы Г. Жақай



Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының м. а. М.М. Жолдасбекова сөз сөйледі. 1-ші сыныпқа оқушыларды қабылдау электронды түрде жүзеге асырылатыны туралы айтты. 1-ші сәуірден, 1-ші тамыз аралығында құжаттарды толық тапсыру керектігін түсіндірді.
2. Екінші мәселе бойынша мектеп хатшысы Г. Жақай сөз сөйледі. 1-ші сыныпқа қабылдау үшін керек құжаттарды ретімен айтып берді. Құжаттарды электронды түрде <https://e.bilimal.kz> сайтына тіркеу туралы айтылды.
ZOOM- арқылы ата-аналарға « <https://e.bilimal.kz> » сайтытын ашып тіркеу жолдарын көрсетті.

Шешімі:

1. 1-ші сыныпқа құжаттарды көрсетілген мерзім аясында, тапсыру.
2. Ата –аналар электронды түрде құжаттарды қабылдау жолдарын түсінді.
3. Керек құжаттармен танысты.

Хатшысы  Б. Сансызбай



«Өрлеу» инновациялық технологиялар орт
Бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау

9. Өтінімдер бөлімінде «Мектепке жіберу» батырмасын басқаннан кейін сіз өтінімнің «Жіберілді» мәртебесін көресіз, сонымен қатар өтінішіңіздің одан кейінгі мәртебелерін бақылай аласыз. Қызмет көрсетуші сіздің өтінішіңізді қабылдаған жағдайда немесе қабылдамай кері қайтарса, өтінімнің мәртебесі «Өтінім қабылданды» немесе «Қабылданбады» болып өзгереді. Сондай-ақ тіркелу кезінде көрсетілген электронды пошта мекен-жайына хабарлама жіберіледі. Қызмет көрсетуші өтінімді қабылдағанға немесе кері қайтарғанға дейін өтінішті өз бетінше кері қайтара аласыз.

Өтінімдер

1-ші сыныпқа қабылдау

Өтініш берілген күні:	01.04.2021 12:34	Мәртебе: Жіберілді
Өтініш берушінің тегі:	Школьная Розалия	
Туған күні:	04.07.1994	
Бала:	Тестовый Ребенок А	
Туған күні:	01.02.2015	

Өтінімді ашу

Zoom Конференция, 42 ұш

«Өрлеу» инновациялық технологиялар орт (ИИТ) в «ЭКОНОМБАНК»

Сабина

Айару Смагулова

Аймерей

Расул

Гультетай

Нуртилеу

Аида Амархано...

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №5

0 «А» мектепалды даярлық сынып

Күні: 04.02.2022ж.

Жалпы саны: 25

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны: 8

Күн тәртібінде

1. «Баланы адам қылып өсіру» презентация
2. Бала тәрбиесіне байланысты ата – анамен тәрбиеші арасындағы қарым – қатынас.
3. Сұрақ – жауап

Тыңдалды:

1. Ата-аналар жиналысы дистанционды түрде «ZOOM» платформасы арқылы өтті. Бірінші мәселе бойынша «Баланы адам қылып өсіру» презентация бойынша ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты слайдтар көрсетілді.

Сөйледі:

0 «А» мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі: Г.М. Нығыметжанова

Балаңызды басқалармен емес, тек өзімен салыстырыңыз!

Есте сақтау қабілетін, жадын, сөйлеу тілін және қиялын дамытыңыздар.

Өлең, ән жаттатыңыздар, санауды үйретіңіздер.

Сурет салыңыздар, ойындар ойнаңыздар.

Бала қолының ұсақ моторикасын жаттықтырыңыздар. Ол үшін сурет бояу, үлгі бойынша жазу, нүктелердің арасын қосу сияқты тапсырмаларды орындату керек.

Назар бөліуді үйрену үшін, балаға уақытқа орындалатын тапсырмалар беріңіздер.

Баланың шаршап қалуына жол бермеңіздер, бала денсаулығын сақтау керек.

Шешімі:

1. Ата – аналар мен тәрбиеші тығыз байланыста болады.
2. Жаңа жылдық сыйлыққа ата-аналар ақша жинамайды.
3. Ертеңгілікке балалар қалаған киімдерін киеді.

Төрайым: *Bay* Сансызбай Б. Ж.

Хатшы: *Galile* Нығыметжанова Г. М.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №6
0 «А» мектепалды даярлық сынып

Күні: 5.03.2022ж.
Жалпы саны: 25
Қатысқаны: 16
Қатыспағаны: 9

Күн тәртібінде

1. «Отбасындағы және мектепалды даярлықтағы бала тәрбиесі» презентация
2. Алдағы мерекелер 8 наурыз және 22 наурыз іс-шаралары туралы ата – аналармен ақылдасу.
3. Сұрақ – жауап

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектепалды даярлық тәрбиешісі Ныгыметжанова Г.М. презентация арқылы ата –аналарға «Отбасындағы және мектепалды даярлықтағы бала тәрбиесі» атты баяндама оқып, слайд көрсетті. Баяндамада отбасындағы мәселелер мен мектепалды даярлық арасындағы қарым - қатынастар қаралды. Ата – аналар өз ойларымен бөлісіп, бала тәрбиесіне қатысты сұрақтар қойылды. Сонымен қатар өз тәжірбиелерімен бөлісті.

Сөйледі:

0 «А» мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі: Г.М. Ныгыметжанова

Ата-анаға мынадай кеңесті ұсынамын:

Баланың әр күнді бастауы, қарсы алуы сәтті болу керек; ол үшін таңертен баланы оятқанда жайлы, баппен оятыңыз; ол сіздің күлімдеп, мейіріммен өте жақсы көріп тұрғаныңызды сезуі керек.

-Балаға балабақшаға барар алдында сенімділік сәттілік тілеу керек.

-Бала балабақшадан келгенде бірден сұрақтар қойып, қарсы алмау керек.

-Бала бірден айтқысы келсе, қарсы болмай тындау керек.

-Бала ренжіп отырса, себебін өзі айтқанша асықпаңыз.


-Балаңызға қатты дауыспен сөйлеменіз, баланың жүйкесіне әсер етеді.

2. Екінші мәселе бойынша, Алдағы мерекелік іс – шараларды атап өту туралы. Балаларға қуаныш мерекелік көңіл күй сыйлай отырып, ұлттық салт –дәстүрлермен таныстыру. Ата –аналарға 8 наурыз мерекесіне орай қыз балалар арасында «Кішкентай ханшайым -2022» атты байқау өтеді. Соған ата – аналар жауапкершілікпен қарап, балалардың дайындығына көмектесуі туралы айтылды. Содан кейін Ұлыстың ұлы күнін атап өту туралы ескертілді. Ата-аналар өз - ара келісіп балаларға қазақ салт - дәстүрлерінің бірін көрсетсе деген ой айтылды. Ата – аналар қолдап, бір ауыздан келісіп «Тұсау кесер» дәстүрін көрсететін болып келісті.

Шешімі:

1. Бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарау.
2. Балаға уақыт бөліп, сабағын қадағалау.
3. Ата-ана тәрбиешімен тығыз байланыста болу.
4. Баланы мектепке алып келіп, алып кету.

Төрайым:  Ныгыметжанова Г.М.

Хатшы:  Сансызбай Б. Ж.

«Ы. Алтынсарин атындағы ЖББ №25 мектебі» КММ

БАЯНДАМА:

**«Отбасыдағы және мектепалды
даярлықтағы бала тәрбиесі»**

Дайындаған:

Ныгыметжанова Гульжанат Муратханқызы

Балқаш қаласы-2022

Отбасыдағы және мектепалды даярлықтағы бала тәрбиесі.

Отбасы- қоғамның маңызды буыны . Көп ұлт мекен еткен мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Осы жағына келгенде кез-келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігі деп түсінеді. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады,оның бірі дүниеге ұрпақ әкелу-екіншісі дүниеге келген сәбиді пәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп,оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Бала тәрбиесінде ата-ананың орны ерекше.Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ « Бакытынды басқадан емес ,балаңнан ізде»-деген даналық сөз бар.Кез келген адам өзі жете алмайтын «бакыт» деген күдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін.Біреу бакытын байлықтан тапқысы келсе,екінші біреу даңқ пен атақтан,мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бакытты-тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Олай болса адам өмірінің мәні- өз ұрпағы.....

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз-ата-ана.Ата-ананың баламен жасайтын қарым-қатынасының үлкен тәрбиелік мәні бар. Мәдениетті отбасындағы ерлі -зайыпты кісілердің бір-біріне айтқан игі ниеті, кішіпейілдігі,отбасындағы туындаған мәселелерді ақылдаса отырып шешуі бала мінезіне жағымды әсер етеді.

